

FTAMP 14.01.11

И. Нурмолдаева¹

¹С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең к., Қазақстан

ЖОО-ДА «АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ» КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Академиялық жазылымның ғылыми-практикалық пән ретінде арнайы оқытылуы Қазақстан ЖОО-да енді ғана қолға алына бастағаны белгілі. Академиялық сауаттылық бүгінгі заманның басты талаптарының бірі саналады. Сондықтан қазір кез-келген университеттің басым міндеттерінің бірі – студент жастарды ғылымға белсенді тарту, студенттердің қатысуымен іргелі және қолданбалы зерттеулерге қолдау көрсету болып табылады. Бұл мақалада «Академиялық жазылым» курсы ЖОО-да оқытудың қаншалықты маңызды екендігі сөз етіледі. Жалпы академиялық жазылым жүйесін дамытуда ғылыми мәтіндерді *негізгі* және *қосымша* деп бөліп қарастырады. Негізгі ғылыми мәтін ретінде ғылыми мақала, диссертация, академиялық шолу, монографияны жатқызса, қосымшаға ғылыми жобаның сипаттамасы, тезис, реферат, рецензия, ғылыми талқылау, энциклопедиялық мақаланы жатқызады. Яғни кез келген ғылыми бағытта жазылған жұмыстардың сауаттылығы мен зерттеу жұмысының маңыздылығы қарастырылады. ЖОО-да оқытылатын «академиялық жазылым» курсының тиімді жақтары мен оны игерудің жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: академиялық жазылым, жазылым әрекеті, ғылыми мәтін, ғылыми стиль, академиялық сауаттылық.

Abstract. As you know, special training of academic writing as a scientific and practical discipline is just beginning to be introduced in universities in Kazakhstan. The main scientific text includes a scientific article, a dissertation, an academic review, a monograph, and a description of a scientific project, a thesis, an abstract, a review, a scientific discussion, and an encyclopedic article. Academic literacy is one of the main requirements of our time. Therefore, now one of the priority tasks of any university is to actively involve student youth in science, support fundamental and applied research with the participation of students. This article will tell you how important it is to teach the course “academic writing” at a university. That is, the literacy of written works in any scientific direction and the importance of research work are considered. The course “academic writing”, taught at the University, shows the advantages and ways to master it.

Keywords: academic writing, writing activity, scientific text, scientific style, academic literacy.

Аннотация. Известно, что академическое письмо как научно-практическая дисциплина только начинается в вузах Казахстана. В качестве основного научного текста относятся научная статья, диссертация, академический обзор, монография, к приложению относятся описание научного проекта, тезис, реферат, рецензия, научное обсуждение, энциклопедическая статья. Академическая грамотность является одним из главных требований современности. Поэтому сейчас одной из приоритетных задач любого вуза является активное вовлечение студенческой молодежи в науку, поддержка фундаментальных и прикладных исследований с участием студентов. В данной статье речь пойдет о том, насколько важно преподавать курс «академическое письмо» в вузе. То есть в любом научном направлении рассматривается грамотность написанных работ и важность исследовательской работы. Показаны преимущества курса «академическое письмо», преподаваемого в вузе, и пути его освоения.

Ключевые слова: академическое письмо, письменная деятельность, научный текст, научный стиль, академическая грамотность.

Академиялық жазылым – бұл ғылыми мәтіндерді оқуға, түсінуге және жазуға мүмкіндік беретін тілдік құзыреттілік. Басқаша айтқанда, ғылыми жұмыстарды ұсыну стилі. Академиялық жазылым стилін ғылыми терминология көзі әрі индикаторы ретінде озық, білімді адамдар ғана қолданады деген түсінік қалыптасқан. Осылайша академиялық жазылым термині ғылыми дискурстың атрибутына айналды. Дегенмен әлемдік дискурста, әсіресе ағылшын тілді ғалымдар арасында бұл термин бұрыннан қалыптасқан. Ал қазақ тіл білімі саласында академиялық жазылым туралы зерттеулер соңғы жылдары ғана белсенді түрде қолға алына бастады. Бұдан «Академиялық жазылым» тек лингвистиканың ғана зерттеу нысаны деген ой тұмауы тиіс. Ғылыми жазуды дамытумен әр түрлі саланың мамандары, соның ішінде филологтар, семиотиктер, социопсихологтар, тіпті ақпараттық технология мамандары да айналысады. Дегенмен жоғарыда атап өткеніміздей, академиялық жазылым жүйесін және оның ғылыми-әдістемелік базасын дамытуда ағылшынның лингвист ғалымдары шешуші рөл атқарады. Академиялық жазылым курсының аса қажеттілігін түсінетін еуропалық университеттер мамандандырылған оқытуда көбінесе академиялық пәндер ішінде жазылымды оқытудың американдық моделін (WAC, WID) қолданады. Ал орыс ғалымдары үшін бұл мүлде жаңа пән болып есептелгенімен, оларда академиялық жазылымның сипаты ғылыми тұрғыда біршама қарастырылған.

Осы орайда, шетел ғалымдарының аталмыш пәнге берген анықтамалары соның ішінде ағылшын ғалымдары: «Академиялық жазылым – бұл әлемдік білім беру салаларында және ғылыми ортада кең таралған ақпараттық үдерістерді, академиялық қарым-қатынастарды, халықаралық тәжірибе алмасуларды жаңаша дамытуға бағытталған құзыреттердің дәстүрлі түрі»– деп анықтама берген [1,3 б].

Академиялық сауаттылық мәселелерін зерттеуші орыс ғалымы И.Б. Короткина: «Академиялық жазылым» термині әлемдік білім беру жүйесінде, әсіресе, академиялық қызметке дайындық дәрежесін, яғни университетте немесе колледжде оқуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға, сондай-ақ ақпараттық дереккөздермен байланысты кез келген кәсіби қызметпен шұғылдануға және қандай да бір құжаттарды жазуға қажетті дайындығын анықтау үшін кең қолданылады. Осыған байланысты академиялық сауаттылық деңгейі абитуриенттің университетке дайындығын, сонымен бірге маманның басшы болуға әзірлігін айқындауға меже болып табылады– деп тұжырым жасайды [2, 81 б].

«Академиялық жазылым» курсы ЖОО-да оқытудың қажеттілігі, болашақ мамандардың академиялық сауаттылығын арттырудың маңыздылығы, пәнді игеру барысында студенттердің ие болауы тиіс құзыреттер біздің басты зерттеу нысанымыз болды.

Негізінен соңғы жылдары академиялық жазылымның көмегімен әртүрлі елдер арасындағы ғылым мен білім беру байланыстары жиі жүзеге асырылды. Академиялық стильді болашақ мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында оқыту халықаралық білім және ғылыми байланысты орнықтыру үшін алғышарт деуге болады. Курста жинақтаған теория мен тәжірибенің көмегімен болашақта студенттер, магистранттар, докторанттар және тіпті тәжірибелі ғалымдар өз баяндамаларын, әр түрлі диплом, курстық, диссертациялық жұмыстарын жазады және ғылыми-зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейде дамытады. Сондықтан кез келген мансаптық нәтижеге жету жолын жеңілдету үшін академиялық жазылым курсы кез келген маман барынша игеруі керек. Академиялық жазылыммен тек ғылыммен арнайы айналысушылар ғана емес, кез келген саланын маманы бетпе-бет келеді..

Жалпы академиялық жазылым жүйесін дамытумен айналысатын мамандар ғылыми мәтіндердің *негізгі* және *қосымша жанрларын* бөліп қарастырады. Негізгі жанр ретінде ғылыми мақала, диссертация, академиялық шолу, монографияны атаса, қосымшаға ғылыми жобаның сипаттамасы, тезис, реферат, рецензия, ғылыми талқылау, энциклопедиялық мақаланы жатқызады. Дегенмен мәтіннің мазмұны, көлемі және басқа айырмашылықтарға қарамастан, академиялық жазылымның барлық жанрлары ортақ қасиетке ие, яғни материалдың берілу дәлдігі, анықтығы және жүйелілігі сақталады.

«Академиялық жазылым» жазбаша қатысыммен байланысты мәселелерді шешуді талап ететін дағдыларды дамытуға бағытталған. Біріншіден, осы дағдылар кешенін қазақстандық мамандар терең меңгермеген деуге болады, оған дәлел ретінде мекемелердегі хат алмасу тіліндегі жиі кездесетін кемшіліктерді айтуға болады. Мекемелер мен ұйымдарда түрлі құжаттар жазу барысында сол мекеменің қызметкерлері қажетті құжатты сауатты құрастыра алмай жатады. Ресми-іскери стильдің, терминдердің, грамматика мен орфографияның, пунктуацияның қырсырын білмейтін, жалпы академиялық сауаттылығы төмен қызметкер құжат құрастыруда қиындықтарға кездеседі. Екіншіден, мемлекеттік қызметке жұмысқа тұратын кезде, мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдарын, категорияларын жоғарылатар уақытта олар қазақ тілін білу деңгейлерін бағалау жүйесі ҚАЗТЕСТ бойынша жазылымнан диктант, мазмұндама, эссе жазуда қиналып жатады. Бұдан шығатын қорытынды: бұл құзырет түрі қазіргі ақпараттық технологиялар заманындағы кез келген маманның немесе басшының кәсіби жетістігін анықтайды [3, 61-63 бб.].

Жасыратыны жоқ, университеттегі көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, соңғы жылдары жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жақсы жолға қойылмаған, жаппай ұйымдастырылмаған, студенттер контингентінің едәуір бөлігі ғылыми жұмыстарға белсенді қатысудан алшақтап қалған. Нәтижесінде бүгінде өз пікірін аудиторияда еркін әрі дұрыс жеткізе алмайтын, сауатты жаза алмайтын студенттер қатары көбейген. Бұған себеп – олардың тест жүйесі арқылы оқуға түсіп, кітап оқудан, шығармашылық тапсырмалардан алыстап қалғандығы және ЖОО-да материалдық-техникалық базаның дұрыс жабдықталмауы, ғылым дамуын қамтамасыз ететін ресурстардың жетіспеуі сияқты әр түрлі факторлар. Мұның барлығы академиялық жазылымның кәсіби дамуын едәуір әлсіретті. Міне, осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында қазіргі таңда кейбір ЖОО-да «Академиялық жазылым» курстары енгізіле бастаған. Мысалы, студент эссе жазған сайын ол жаңа нәрсені мұқият тексереді, осылайша белгілі бір дәлелдерге әр түрлі көзқараспен қарауды үйренеді. Демек, академиялық жазылым білім алушыға бұрын ойлап таба алмаған жаңашылдық пен миға шабуыл жасау мүмкіндігін береді деп айтуға болады. Сонымен қатар, академиялық жазылым стилі студенттің сөздік қорын едәуір жақсартады және тілді сауатты етеді. Осы орайда академиялық жазылымды маңызды ететін бірнеше аспектілерді атап өтуге болады. Олар: дәлелдемелермен бекітілген қысқа, түсінікті, белгілі бір ортаға бағытталған және құрылымдалған жазбаша мәтін. Жазудың бұл түрінің басты мақсаты – аудиторияның түсінігін арттыруға көмектесу.

Жалпы академиялық жазылымның сипаттамасын ЖОО-да бакалавр – магистратура – докторантура деңгейіндегі білім алушыларға арналған деп шартты түрде жіктеуге болады.

Ал студент үшін академиялық жазылымның сипаты:

Дұрыс терминология мен стильді қолдана отырып, алған білімдерін жеткізуге мүмкіндік береді. Студенттер теорияларды әртүрлі тұрғыдан талдап, өзіндік тұжырымдар жасайды. Бұл дағды олардың мәселеге объективті қарау қабілетін арттырады.

Ал студенттер «академиялық жазылым» курсы оқымағандықтан оқу мәтіндерін жазуда келесідей қиындықтарға ұшырайды:

1) көрсетілген талаптарға сәйкес мәтінді логикалық түрде ұйымдастыра алмау;

2) логикалық байланыстарды қамтамасыз ету үшін тиісті тілдік құралдарды қолдана алмау;

3) қажетті деңгейге сәйкес келмейтін, яғни орынсыз лексикалық, синтаксистік бірліктер мен құрылымдарды пайдалану, т.б.

Керісінше «академиялық жазылым» курсы оқу арқылы студенттер төмендегідей кәсіби құзіреттіліктерге ие болады:

1) ақпаратты іздеуден бастап, өз мәтіндерін редакциялауға, өз ойын еркін білдіруге үйренеді;

2) ғылыми мәтіндермен жұмыс жасай алу қабілеті артады;

3) әр түрлі ақпараттарды талдау, өңдеу және түрлендіруге дағдыланады;

4) ғылыми гипотезаны алға тарту, өз ойларын, идеяларын жүйелеп ұсынуға, интеллектуалдық дамуға бейімделеді;

5) әр түрлі әдеби, ғылыми мәтіндер деңгейіндегі тілдік құралдарды қолдану арқылы қорытындылау, мазмұндау, ой тұжырымдауға қалыптасады;

6) ғылыми мәтіндерді (реферат, түйіндеме, курстық, диплом жұмыстары, диссертация) безендіруге тән шаблондарды, форматтарды үйренеді.

Магистранттар үшін:

1) Зерттеу дағдыларын арттыру – академиялық жазылым арқылы өз зерттеу жұмыстарын жетілдіреді.

2) Кәсіби шеберлікті арттыру – академиялық жазылым магистрантты кәсіби болуға үйретеді.

Ал PhD докторант үшін:

Шоғырланған және жоспарланған академиялық жазылым сипаты сұрақтарға жауап береді және олардың қолда бар тақырыпты терең түсінетіндігін байқатады.

Сонымен, академиялық жазылым зерттеушіні қысқа, сенімді және ыңғайлы ұйымдастырылған ғылыми мәтін арқылы өз ойларын жеткізуге және дәлелдеуге үйретуді көздейді. Академиялық жазу дағдылары ғылыми

мәтін сапасының едәуір жақсаруына, автордың шығармашылық қабілетінің артуына ықпал етеді. Өйткені әрбір жазылған жұмыс – адам ойының жемісі. Сондықтан нақты жазылған тапсырма ойды көрсетуге мүмкіндік береді. Ал сол ойды қалай жеткіземіз дегенге келсек, сынау, салыстыру, талдау, болжау, жинақтау, синтездеу сияқты академиялық жазылымның қалыптасқан дағдылары арқылы іске асырамыз. Демек академиялық жазылым теориясын меңгерту студенттің бойына мынадай дағдыларды қалыптастырады:

- *Сенімді сөйлеу дағдысы:* нақты әрі жүйелі жаза алатын студент сенімді сөйлей алады. Себебі ол жазу әрекеті барысындағы стратегияларды қолдана отырып сөйлейді және ойланады.
- *Сыни тұрғыдан ойлау және дәлелдеу дағдылары:* жазуды үйрену білімгерлерге қалай ойлануға болатынын үйретеді. Басқаша айтқанда, жазу студенттерді «құрылымдық ойлауға» үйретеді. Яғни, студенттер іштей өз-өздеріне «менің айтқаным мағыналы ма?», «ойымды қалай жеткізгенім тиімді?» деп сұрауды үйренеді. Сайып келгенде, академиялық жазылым олардың кез келген мәселе туралы сыни ойларын қалыптастыру қабілетін дамытады. Бұл бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады.
- *Аудиторияны түсіну дағдысы:* кез келген жазылған мәтіннің кімге оқылатынын, оларға не қажет екенін немесе не тыңдағысы келетінін және сол ақпаратты қалай сенімді әрі қолжетімді етіп беру керектігін түсінеді. Жазуға машықтану арқылы студенттер аудиториямен жұмыс жасауға бейімделеді.
- *Тілдерді білу дағдысы:* академиялық жазылым – бұл барлық басқа тілдік дағдылардың синтезі. Түрлі мәселелерге байланысты өзге адамға сұрақ қою және өзіндік пікірін дәлелдеу үшін мықты грамматика, академиялық сөздік қажет болады. Сондықтан да «академиялық жазылым» курсы арқылы тілді меңгеріп, заманауи тұлға ретінде қалыптасады.
- *Зерттеу дағдылары:* академиялық жазу әрекеті студенттерге зерттеу жүргізуді үйретеді. Шындығында, студенттер зерттеу жүргізу арқылы өздерінің жазушылық тақырыптарын көпшілік ойлағаннан гөрі тереңірек түсінеді. Олар ғылыми, мәдени немесе әдеби тақырыпта жазатын болсын, зерттей отырып, жақсы баға алу үшін қажет нәрсені біліп қана қоймай, сонымен қатар әр тақырыпты меңгеруге қызығушылықтары артады. Осы тұрғыдан қарағанда, ЖОО-да «академиялық жазылым» пәнін оқытудың маңыздылығы арта түседі.

Жалпы ЖОО-да «Академиялық жазылым» курсы жүзеге асыруда:

- 1) академиялық эссе түріндегі жазбаша жұмыстар;
- 2) аналитикалық мәтін (студенттердің халықаралық, кәсіби, ғылыми ортаға табысты интеграциялануы үшін осы аспектінің маңыздылығы жоғары);

3) бакалавр білім беру қызметінде тезистер, курстық жұмыстар, жобалық жұмыстар жазу;

4) түрлі ғылыми конференцияларға қатысу арқылы ғылыми мақалалар мен баяндамалардың тезистерін жазу сияқты инновациялық тәсілдерге жүгінуге болады.

Сондықтан ЖОО-да жүргізілетін «Академиялық жазылым» пәнінің негізгі бағыттары мен компоненттері олардың ғылыми потенциалын арттыруға, сапалы маман даярлауға айтарлықтай ықпал етеді. Жалпы, жоғары білім беру жүйесінде академиялық жазылым элементтерін оқу процесінде ұйымдастырудың және жүзеге асырудың шығармашылық әрекеттің дамуына ықпал ететін бірнеше бағыттарын бөліп қарастыруға болады:

1. Отандық және шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, жастардың ғылыми шығармашылығының әртүрлі нысандарын дамыту және жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2. Жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға, өз бетімен жұмыс жасау және шығармашылық ұжымдарда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету, ғылыми зерттеу әдістемесін игеру;

3. Студенттердің ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында басым бағыттар бойынша қолданбалы, іргелі, іздестіру, әдістемелік және педагогикалық ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысуын қамтамасыз ету;

4. Ғылымның әр түрлі салаларындағы ғылыми-практикалық мәселелерді шешуге бағытталған оқытушылар мен студенттердің ғылыми-практикалық әлеуеттерін біріктіру;

5. Университетте жас зерттеушілер үшін әр түрлі деңгейдегі іс-шаралар өткізу, студенттерді әртүрлі деңгейдегі ғылыми ұйымдастырушылық-бұқаралық және конкурстық іс-шараларға қатыстыру: ғылыми семинарлар, конференциялар, конкурстар, пәндер мен бағыттар бойынша олимпиадалар;

6. Арнайы курстарды, бағдарламаларды ұйымдастыру, ғылыми қызметке деген ынтасы жоғары студенттер тобымен сабақ өткізу.

7. Тағылымдама, жоғары оқу орындары үшін біліктілікті арттыру курстары және т.б арқылы студенттердің біліктілігін арттыру.

Осының нәтижесінде «Академиялық жазылым» курсы арқылы студенттер төмендегідей пәндік құзіреттерді меңгереді:

- ғылыми зерттеулер элементтерін қамтитын тапсырмаларды, зертханалық жұмыстарды, мерзімдік және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) орындау;

- оқу және өндірістік тәжірибе кезеңінде зерттеу сипатындағы нақты міндеттерді шешу;

- әдістеменің теориялық негіздерін зерттеу, ғылыми зерттеулерді тұжырымдау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, ғылыми экспериментті жоспарлау және ұйымдастыру, ғылыми мәліметтерді өңдеу;

- ғылыми және оқу зертханаларында, ғылыми проблемалар мен зерттеу топтарында жұмыс істеу;
- нақты ғылыми кеңесшінің басшылығымен жеке ғылыми зерттеулер жүргізу.

Сонымен, «Академиялық жазылым» курсы менгеру нәтижесінде студенттер мына нәрселерді біледі:

- ғылыми мәтін мен публицистикалық және көркем мәтін арасындағы түбегейлі айырмашылықтарды;
- ғылыми мәтінге қойылатын халықаралық нормалар мен талаптарды;
- мәтінді логикалық орналастыру және оның элементтерін жүйелеуді;
- оқырманмен өзара әрекеттесу, басқа біреудің көзқарасын түсіну және құрметтеуді;
- өзінің гипотезасын дәлелдеу, тезис тұжырымдау және ғылыми болжамнан қорытындыға дейін мәтін құруды;
- әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, таңдау, жинақтау және пайдалануды;
- әр түрлі плагиаттан аулақ болуды;
- синтаксистік тұрғыдан дәйекті және логикалық тұрғыдан дәйекті мәтін жазуды, т.б.

Демек, ЖОО-да «Академиялық жазылым» курсы мен оқыту үлкен маңызға ие болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Academic Literacy: a Statement of Competences Expected of Students Entering California Public Colleges and Universities. URL: <http://www.universityofcalifornia.edu/senate/reports/acadlit.3>.
- 2 Короткина И.Б. Возможности использования зарубежного опыта развития академических языковых навыков в российском образовании // Вестник Московского государственного областного педагогического университета. 2009. № 4. – С. 81-84.
- 3 Динаева Б.Б., Сапина С.М. Академиялық оқылым және жазылым дағдыларын дамытудың қажеттілігі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, № 3 (106) 2015. – 61-63 бб., 62-63 бб.